

ШАРТ

<сәйкестендіру нөмері>

жұмыстарды сатып алу туралы

<жұмыстың атауы>

<тапсырыс беруші аймағы> <шарт күні>

<тапсырыс берушінің толық атауы>, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <тапсырыс беруші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӘ> атынан, бір тарапынан және екінші тараптан <жеткізушінің толық атауы>, <лицензия, рұқсат құжаты> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізушінің резиденттік белгісі> болып табылатын, бұдан әрі «Жеткізуші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізуші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӘ> атынан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталады, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылдың 27 тамыздағы №192 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан астам пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларының (бұдан әрі - Қағидалар) 17 тармағының 1) тармақшасына және <хаттама бекітілген күн> тендер тәсілімен <жұмыстардың атауы> жұмыстарын сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес мына төмендегілер туралы осы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасады.

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Тапсырыс беруші тендер тәсілімен Жеткізушіден < ҚҚС сомасын қоспағанда > _____ теңге ___ тиын мөлшеріндегі сомаға <жұмыстың атауы> жұмысын сатып алуды жүзеге асыру шешімін қабылдады.

1.2. Жеткізуші Шартта және Техникалық ерекше нұсқамада көзделген мерзімде және талаптарда <жұмыстың атауы> (бұдан әрі - Жұмыстар) Жұмыстарды орындаудыөзіне міндеттеме етіп қабылдайды, ал Тапсырыс беруші орындалған Жұмыстарды Шарттың талаптарына сәйкес қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.3. Шарттағы төменде аталған ұғымдардың мынадай түсініктемелері бар:

- 1) Шарт - Тапсырыс беруші мен Жеткізуші арасында Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жасалған және Тапсырыс берушінің қызметін қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ функцияларын немесе жарғылық әрекетін орындау үшін жұмысты орындау туралы азаматтық-құқықтық шарт;
- 2) Жұмыстар - Шарттың 1.1. тармағында көрсетілген, заттық мәні бар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңына сәйкес жұмысқа жататын басқа да іс-әрекеттер;
- 3) Материалдар - Жеткізуші Шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін пайдаланатын, өз есебінен және өз күшімен Жеткізуші сатып алатын және жеткізетін барлық қажетті шығыс материалдары, бұйымдар, жүйелер мен құрылымдар.

1.4. Жұмыстарды орындау мына мекенжай бойынша: Алматы қаласы, Абай даңғылы, 150/230 (бұдан әрі - Нысан) орындалады.

1.5. Жұмыстарды Жеткізуші өз материалдарын, бұйымдарын, құрылымдары мен жабдықтарын, өз күштері мен құралдарын пайдалана отырып орындайды. Жұмыстар ЭОҚ талаптарына (Электр қондырғыларын орнату қағидалары), Құрылыс нормалары мен қағидаларына сәйкес келуі керек.

1.6. Жұмысты орындау кезінде Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімімен қосалқы мердігерлерді (бірлесіп орындаушыларды) іске тартуға рұқсат етіледі. Жұмысты орындау үшін қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) берілетін Жұмыстың шекті көлемі сатып алынатын Жұмыстың жалпы көлемінің үштен екісінен аспауы тиіс. Жеткізуші қосалқы мердігерлердің қызметін өз бетінше төлейді және ол Шарт сомасына кіреді.

2. ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫ ЖӘНЕ ТӨЛЕМ ТӘРТІБІ

2.1. Шарттың Жалпы сомасы <ҚҚС қоса есептегенде> _____ теңге __ тиын (__ теңге __ тиын) (бұдан әрі - Шарттың Жалпы сомасы) құрайды, осы сомаға _____ теңге __ тиын (__ теңге __ тиын) мөлшеріндегі Жұмыс құны, <және _____ теңге __ тиын (_____ теңге __ тиын) мөлшеріндегі ҚҚС сомасы (егер Жеткізуші ҚҚС төлеушісі болса) кіреді. Шарттың Жалпы сомасына сақтандыруды, салықтарды, баждарды және басқада төлемдерді төлеуді қоса алғанда, Жеткізушінің орындалған Жұмыстарға байланысты барлық шығыстары кіреді.

2.2. Шарт бойынша төлемді Тапсырыс беруші келесі тәртіпте Жеткізушінің банктік шотына ақша аудару арқылы жүргізеді:

Шарт бойынша төлемді Тапсырыс беруші тиісінше Жұмысты орындау фактісі бойынша Жеткізушіден тиісті түрде ресімделген электронды шот-фактураларды алған күннен бастап 10 (он) операциялық күн ішінде және Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған белгіленген тәртіпте ресімделген орындалған орындалған Жұмыстар актісі негізінде Жеткізушінің есеп айырысу шотына ақша аудару арқылы жүзеге асырады.

Төлем Жеткізуші тиісті түрде ресімделген электронды шот-фактураларды, жүк құжаттамаларын және Актілерді берген жағдайда жүргізіледі.

Тиісті түрде ресімделмеген электронды шот-фактура және Актілер ұсынылған жағдайда, соның ішінде деректемелер дұрыс көрсетілмеген жағдайда Тапсырыс беруші оларды төлемсіз қайтарады және Тапсырыс берушінің төлем бойынша өз міндеттемелерін орындау мерзімі бұрын байқалған нақтыланбағандықтар мен кемшіліктерді жоя отырып, жаңа электронды шот-фактураны және Актілерді ұсынған сәттен бастап есептеледі. Бұл ретте Жеткізуші Тапсырыс берушіге төлемнің өз уақытында төленбегені үшін қандай да бір айыппұл санкцияларын қоюға құқылы емес.

2.3. Барлық салықтар мен бюджетке төленетін басқада міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленеді. Қазақстан Республикасының салықтарға, баждарға және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген бюджетке төленетін басқада осы сияқты төлемдерге қатысты заңнамасы өзгертілген жағдайда, Тараптар қосымша келісімге қол қою арқылы Шартқа тиісті өзгертулер енгізуге міндеттенеді.

2.4. Жеткізушіге төлемдерді Тапсырыс беруші Шарт бойынша төлем жүргізілген күні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банктің ресми бағамы бойынша ____ (валюта түрі) жүргізеді (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның резиденті емес болған жағдайда қолданылады).

2.5. Тапсырыс берушінің Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе оны тиісті түрде орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) төлемінен Қазақстан Республикасының салық заңнамасымен белгіленген мөлшерлеме бойынша төлем көзінен алынатын табыс салығы ұсталып қалуы тиіс (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның резиденті емес

болған жағдайда қолданылады).

2.6. Шарттың төленетін сомасынан Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзінен алынатын табыс салығы ұсталып қалады *(бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның резиденті емес болған жағдайда қолданылады).*

2.7. Тапсырыс беруші Шарттың Жалпы сомасын төлеген сәтте тиісті халықаралық шартында қарастырылған салық салудан босатуды немесе төмендетілген салық мөлшерлемесін өз бетінше қолдануға құқылы, бұл кезде осы Жеткізуші кірістің түпкілікті алушысы және халықаралық шарты жасалған елдің резиденті болуға тиіс *(бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның резиденті емес болған жағдайда қолданылады).*

Халықаралық шартын салық салудан босату немесе төмендетілген салық мөлшерлемесін қолдану бөлігінде пайдалану Жеткізушінің Тапсырыс берушіге Қазақстан Республикасының салық заңнамасының талаптарына сәйкес келетін резиденттілікті растайтын құжатты және құрылтайшылар (қатысушылар) мен заңды тұлға-бейрезиденттің мажоритарлы акционерлерін көрсете отырып құрылтай құжаттарының нотариалдық куәландырылған көшірмелерін немесе сауда тізілімінен (акционерлер тізілімінен немесе бейрезидент тіркелген мемлекеттің заңнамасында қарастырылған өзге ұқсас құжаттан) алынған үзінді көшірмені Шарт бойынша соманы төлеу күнінен кешіктірмей ұсынғанда ғана рұқсат етіледі *(бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның резиденті емес болған жағдайда қолданылады).*

2.8. Факсимильдік байланыс арқылы және/немесе өзге тәсілмен алынған құжаттардың заңды күші бар және оларды кейіннен келесі <цифрмен> <(жазбаша)> <күнтізбелі/жұмыс (керегін қалдыр)> күн (Тапсырыс берушінің қаласынан тыс жердегі жеткізушілер үшін) ішінде түпнұсқаға ауыстыра отырып Тапсырыс беруші қабылдайды.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

3.1. Тапсырыс беруші:

- 1) Жеткізушінің орындаған Жұмыстарын *<Шарт бойынша төлемді жүзеге асыру үшін негіз болып табылатын және Жұмыстың орындалу дерегін растайтын құжаттың атауы>* негізінде қабылдауға;
- 2) Жеткізушінің Шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін тартқан мамандарына Шарттың 4.2. тармағында көрсетілген Жұмыстарды жүргізу орнына кіруіне рұқсатты қамтамасыз етуге;
- 3) Орындалған Жұмыстар үшін төлемді Шарттың талаптарына сәйкес жүргізуге
- 4) Тапсырыс беруші мен Жеткізушінің уәкілетті өкілдері Актіге қол қойған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде және (немесе) Жеткізушінің Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеген күннен бастап Жеткізушіге Шарттың орындалуына енгізген қамтамасыз етуді енгізуді қайтарға міндетті (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы талабы болғанда)
- 5) Шарт талаптарына сәйкес орындалған Жұмысты қабылдап алуға;
- 6) Жеткізушіге Материалдарды жинау үшін үй-жай ұсынуға;
- 7) Жеткізуші қызметкерлерін рұқсатпен кіру және ішкінысандық режим бойынша нұсқаулықтан өткізуге міндеттенеді.

3.2. Тапсырыс беруші:

- 1) Жеткізушіден Шарттың талаптарына сәйкес Жұмыстардың толық көлемде лайықты түрде және мерзімде көрсетілуін талап етуге;
- 2) Жұмыстарды орындалу барысын және оның сапасын бақылайтын уәкілетті жауапты адамдарды тағайындауға;
- 3) қажет болған жағдайда Жеткізушіден Шарт бойынша Жұмыстарды орындау барысы туралы ақпараттарды сұратуға;
- 4) Орындалған жұмыстарды қабылдау-өткізу барысында және (немесе) кепілдік мерзімінің кезеңінде кемшіліктер, ескертулер, сәйкес келмеушіліктер, дұрыс жасалмағандар, қателер <толықтыру> _ (бұдан әрі - ақаулар) анықталған жағдайда, айқындалған ақаулар туралы жазбаша ескерту жіберу арқылы Жеткізушіден оларды Шартта белгіленген мерзімде жоюды талап ету немесе Жеткізушіге жазбаша дәлелді бас тарту жібере отырып төлеуден толық немесе ішінара бас тарту және Актіге қол қоймауға;
- 5) Шарттың 3.3 тармағының 8) тармақшасына сәйкес Жеткізушіден ескерту алғаннан кейін жағдайды бағалау және өз ұйғарымы бойынша, Жеткізушінің кінәсінен туындамаған объективті себептер болғанда Шарт бойынша міндеттемелерін орындауды ұзартуға;
- 6) Шарттың осы тармағының 5) тармағында қарастырылған жағдайда Жеткізушіден растайтын құжаттарды талап етуге;
- 7) 4) Шартты кез келген қадамда Шартта қарастырылған жағдайларда және тәртіпте бір жақты тәртіпте бұзуға;
- 8) Егер Шарт Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы немесе оны тиісті түрде орындамауы не болмаса тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) Шартта қарастырылған мерзімдегі және тәртіптегі негіздер бойынша төлемеу салдарынан бұзылған болса, Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтармауға құқылы (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы талабы болғанда)
- 9) Жеткізуші орындалған Жұмыстардағы ақауларды, соның ішінде жасырынын, сондай-ақ Шартпен белгіленген кепілдік мерзімі ішінде жою бойынша міндеттемелерін орындамаған жағдайда, Жеткізушіге тоқтап тұру себебін жойғанға дейін Жұмыстарды толығымен немесе оның бөліктерін тоқтату туралы жазбаша хабарлауға. Бұл ретте Жеткізушінің Жұмыстарды орындау мерзімінің ұлғаюын талап етуге құқығы жоқ және Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады;
- 10) Жеткізушіні Шартты бұзу күніне дейін 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей, бұл жөнінде жазбаша ескертіп:
 - Жеткізуші Жұмысты орындау бойынша өз міндеттемелерін орындамаған және/немесе тиісінше орындамаған жағдайда;
 - Жеткізуші орындалған Жұмыстардағы ақауларды жою бойынша шаралар қолданбаған немесе жеткіліксіз қолданған жағдайда;
 - Жұмысты сатып алудың мақсатсыздығына, еңсерілмейтін күш жағдайларына негізделіп, сатып алу жоспарында көзделген Жұмысты сатып алу шығыстары қысқартылған жағдайда Тапсырыс беруші сатып алуды жүзеге асырудан бас тартқанда;
 - Тапсырыс берушінің тендер тәсілімен сатып алуға қатысқан Жеткізушіге Қағидаларда көзделмеген көмекті көрсеткен жағдайында;
 - Жеткізуші берген мәліметтерде шынайы емес ақпараттар анықталған жағдайда;

- сатып алу қорытындыларына әсерін тигізетін, тендер тәсілімен сатып алу қағидалары мен (немесе) талаптары бұзылған жағдайда кез келген уақытта біржақты соттан тыс тәртіпте бұзуға құқылы;

11) Жеткізуші басшысы растаған, материалдардың Шарт талаптарына сәйкестілігін растайтын сертификаттар мен басқа да құжаттардың көшірмелерін ұсынбаған жағдайда, жұмысты орындаудың жалпы мерзімін ұзартпастан және Жеткізуші шығындарын өтеусіз Жеткізушіге Жұмыстарды орындауға тыйым салуға;

12) кез келген уақытта жазбаша нысанда қанағаттану себептері мен олардың мерзімдерін көрсете отырып, Жеткізушіден Жұмысты орындауды (соның ішінде Жұмыстың жекелеген түрлерін немесе Материалдардың жекелеген түрлерін қолдануды) толығымен немесе ішінара тоқтата тұруды талап етуге.

Жеткізуші Шартпен белгіленген мерзім шегінде Жұмысты орындауды тоқтата тұру себептерін жоюға міндетті. Бұл ретте Жеткізуші Жұмысты орындау мерзімдерін ұлғайтуды талап етуге құқылы емес;

13) Шартты кез келген уақытта, егер Жеткізуші сот шешімі заң күшіне енгеніне сәйкес банкрот немесе Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасы нормаларына сәйкес төлемге қабілетсіз болған жағдайда, Жеткізушіге тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы соттан тыс тәртіпте біржақты бұзуға құқылы. Бұл жағдайда, Шартты бұзу тез арада жүзеге асырылады және Тапсырыс беруші қандай да бір Тапсырыс берушіге әсер еткен немесе әсер ететін іс-әрекеттер жасау мен санкциялар қолдану құқығына зиян келтірмесе немесе әсерін тигізбесе, Жеткізушіге қатысты қандай да бір қаржылық міндеттемелерді мойнына алмайды;

14) Тапсырыс берушінің мүлігіне келтірілген залалды өтеуді Жеткізушіден талап етуге;

15) Жұмыстың өз уақытында және сапалы орындалуына бақылауды жүзеге асыруға;

16) қауіпсіздік техникасы бойынша нормаларды, өрт қауіпсіздігі қағидаларын және Жұмысты орындау кезінде Тапсырыс беруші мүлігіне ұқыпты қарауын Жеткізушіден талап етуге құқылы.

3.3. Жеткізуші:

1) Жұмыстарды Шартта көзделген мерзімінде және талаптарында толық көлемде орындауға;

2) Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша Жұмыстың орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға;

3) орындалған Жұмыстарды <Шарт бойынша төлемді жүзеге асыру үшін негіз болып табылатын және Жұмыстың орындалу дерегін растайтын құжаттың атауы> негізінде беруге; Қызметтерді білікті мамандардың көрсетуін қамтамасыз етуге;

4) Тапсырыс беруші орындалған Жұмыстардан ақаулар анықтаған жағдайда, анықталған ақаулар туралы Тапсырыс берушіден жазбаша хабарлама алған күннен бастап < күні цифрмен> <(күні жазбаша)>< (жұмыс/күнтізбелі)> күн, ал кепілдік мерзімі кезеңінде Тапсырыс берушіден жазбаша хабарлама алған күннен бастап <күні цифрмен> <(күні жазбаша)> <(жұмыс/ күнтізбелі) > күні ішінде өз есебінен жоюға;

5) Жеткізушінің ақауларды Шартта белгіленген мерзімде жоюы мүмкін болмағанда/оны жоюдан бас тартқан жағдайда, Шарттың 6 бөліміне сәйкес жауапкершілік көтеруге;

5) Шарттың қызмет ету мерзіміне тәуелсіз Тапсырыс берушіден алынған құпиялы ақпаратты жарияламау және оны құпия түрінде сақтауға;

6) Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына немесе оны тиісті түрде орындамауына байланысты Шарт бұзылған жағдайда, Шарттың 6 бөліміне сәйкес

жауапкершілік көтеруге;

7) егер Шартты орындау кезеңінде Жеткізуші кез-келген сәтте Шартты уақытында орындауға кедергі келтіретін жағдайдарға тап болған жағдайда, ол Тапсырыс берушіге кешіктіру деректері, оның болжанатын ұзақтығы мен себебі (себептері) туралы дереу жазбаша ескерту жіберуге тиіс;

8) Шарт бойынша өз міндеттемелерін толығымен және де ішінара түрде Тапсырыс берушінің алдан-ала жазбаша келісімінсіз басқа біреуге бермеу;

9) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағанда немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда Шарттың 6 бөліміне сәйкес жауапкершілік көтеруге;

10) 11) Тараптардың Шартқа қол қойған күнінен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Шарттың Жалпы сомасының <мөлшері пайызбен> мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуге міндетті (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы талабы болғанда)

11) Жұмысты бастамас бұрын Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген тәртіпте және мерзімде уәкілетті органдармен барлық қажетті келісімдерді жүргізуге/алуға;

12) Нысанда Материалдарға монтаждауды бастағанға дейін 3 (үш) күнтізбелік күн бұрын Тапсырыс берушінің қарауына және келісіміне Материалдардың үлгілерін, нобайларын және олардың сапасын куәландыратын құжаттарды (техникалық төлқұжаттарды, сертификаттарды, зертханалық сынақ нәтижелерін және басқаларды) алдын ала ұсынуға;

13) Жұмысты орындау кезінде жаңа, жоғары сапалы Материалдарды, санитарлық-гигиеналық, экологиялық, өртке қарсы және осы түрдегі материалдарға қатысты Қазақстан Республикасында қолданыста жүрген басқа да белгіленген қазақстандық стандарттарға, талаптарға, нормаларға және қағидаларға жауап беретін жабдықтарды пайдалануға;

14) Материалдарға құжаттар (сертификаттар және т.б.) және Жұмысты орындауға қажетті келісімдерді алумен байланысты іс-әрекеттерді өз күшімен және өз есебінен жүргізуге;

15) Шарт бойынша Жұмысты орындау кезінде Тараптардың уәкілетті тұлғалары Актіге қол қойған сәтке дейін Тапсырыс беруші жабдықтарының, материалдарының және/немесе мүлігінің оқыстан бүлінуі немесе оқыс зақымдалуы тәуекелін көтеруге, Тапсырыс берушіге зиянды өтеуге;

16) Жұмысты орындаудың басталу сәтінен бастап оның толық аяқталуына дейін Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте Жұмыстар өндірісінің журналын жүргізуге;

17) Жұмысты орындау кезінде қауіпсіздік техникасы және өрт қауіпсіздігі бойынша қажетті іс-шараларды орындауды, сондай-ақ Жұмысты орындау кезінде үй-жайлардың сыртқы және ішкі әрлеуіне ұқыпты қарауды қамтамасыз етуге, Нысан аумағын абаттандыруға, Жұмыс құралдары, тәсілдері, техникасы, Жұмыстың орындалу жүйелілігі мен сапасы үшін толық жауапкершілік алуға және оларға бақылауды жүзеге асыруға;

18) Шартта көзделмеген Жұмыстардың қосымша түрлері мен көлемі туындаған жағдайда, Шарттың Жалпы сомасы шегінде оларды келісу және орындау үшін Тапсырыс берушіге бұл туралы жазбаша және өз уақытында хабарлауға;

19) жасырын жұмыстарды орындауды бастағанға дейін 2 (екі) күнтізбелік күн бұрын Тапсырыс берушіге бұл туралы хабарлауға және жасырын жұмыстарды куәландыру Актісін (бұдан әрі – куәландыру Актісі) және қолданылатын Материалдарға сәйкестілік сертификаттарын жолдауға міндеттенеді. Жасырын жұмыстарды куәландыру күні нақты жұмыстарды орындау күніне сәйкес келуі тиіс. Орындалған жасырын жұмыстарды қабылдау Тараптардың уәкілетті тұлғаларының жасырын жұмыстарды тіркеу фотосынан кейін куәландыру Актісіне қол қоюмен расталады. Тараптар қол қойған куәландыру Актілері, жасырын жұмыстарды тіркеу

фотосы Нысан бойынша орындалған жұмыстарды қабылдау үшін Тапсырыс берушіге беріледі. Егер жасырын жұмыстар куәландыру Актісі ресімделмей не болмаса осындай актіге қойылатын талаптардың бұзылуымен жабылған жағдайда, Тапсырыс беруші хабарланбаған немесе кешіктіріліп хабарланған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушінің нұсқауы бойынша өз есебінен және өз күшімен, жұмыстарды орындау мерзімін ұзартпастан, жасырын және әрі қарайғы жұмыстардың осы бөлігін ашуға, сосын қалпына келтіруге міндетті;

20) Тапсырыс берушіге орындалған Жұмыстарды толық көлемде және Шартта белгіленген мерзімде Тараптардың жауапты тұлғалары қол қойған, орындалған Жұмыстарды толық көлемде қабылдау-өткізу актісін жасай отырып тапсыруға;

21) кепіл міндеттемелерін орындамағаны үшін өзінің жауаптылығы туралы жазбаша хабарламаны ұсыну арқылы толық көлемде орындалған Жұмыстарды актісіне қос Тараптың уәкілетті тұлғалары қол қойған күннен бастап 24 (жиырма төрт) ай ішінде Материалдар мен орындалған Жұмыстардың сапасына кепілдік беруге;

22) Тапсырыс берушінің өкілдерімен бірге Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген нормаларға сәйкес Нысанда монтаждalған инженерлік коммуникацияларды сынақтан өткізуге;

23) Жұмысты бастамас бұрын таныстырылған, Тапсырыс беруші Нысанда белгілеген режим талаптарын орындауға;

24) жүзеге асырылатын қызмет түріне рұқсаттама құжаттарын (егер қызмет міндетті лицензиялауға жататын болса, лицензияның нотариат куәландырған көшірмесі немесе жұмысты орындау құқығына электрондық құжаттың қағаз көшірмесі түріндегі лицензия) қос Тараптың уәкілетті өкілдері Шартқа қол қойған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде беруге;

25) Шарт бойынша Жұмыстарды орындау уақытында Жеткізуші кінәсінен келтірілген зиян немесе кеткен қателіктер нәтижесінде Тапсырыс берушіге үшінші тұлғалардың қойған даулы мәселелерін (үшінші тұлғалардың талаптары және/немесе наразылықтары) Тапсырыс берушіні іске араластырмай өздігінен өз есебінен шешуге;

26) Шартқа қос Тарап қол қойған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге электр қауіпсіздігі бойынша тиісті рұқсат тобы бар қызметкерлердің тізімін ұсынуға;

27) егер Тапсырыс беруші объективті себептерін көрсете отырып, Жеткізушінің немесе Қосалқы мердігердің қызметкері болып табылатын тұлғаны Нысанда Жұмысты орындаудан шеттетуді өтінсе, 72 (жетпіс екі) сағат ішінде бұл тұлғаны Нысаннан әкетуге міндеттенеді, бұдан кейін аталған тұлға Шартта көзделген Жұмысты орындауға тартылмауы тиіс;

28) Нысан аумағын таза ұстауға, Нысаннан барлық құрылыс қоқыстарын өз бетінше жинастыруға;

29) Тараптар Актіге қол қойғаннан кейін 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей Тапсырыс берушіге Нысанды электрмен қамтамасыз етудің бір сызықты схемасын және ҮЖ-191-ден ҚРҰБ БҚ-ға дейін 0,4 кВ кабель желілерін төсеу жоспарын ұсынуға міндеттенеді.

3.4. Жеткізуші:

1) Жұмыстарды орындаған кезде бірлесіп орындаушыларды тарту. Бұл кезде Жеткізушінің бірлесіп орындаушыларға жалпы Жұмыс көлемінің үштен екі бөлігінен асып түсетін Жұмыс көлемін беруге рұқсат берілмейді;

2) Шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін қажет ақпаратқа Тапсырыс берушіден жазбаша түрде сұрату жасауға;

3) Шарттың талаптарына сәйкес орындалған Жұмыстар үшін төлем алуға **құқылы**.

4) Жұмысты орындаудың болжамды аяқталу күніне дейін 5 (бес) күнтізбелік күн бұрын Тапсырыс берушіге жазбаша хабарлап, Шарт бойынша Жұмысты мерзімінен бұрын орындауға

және Акт бойынша Тапсырыс берушіге өткізуге;

5) Тапсырыс берушіден Шарт талаптарына сай орындалған Жұмыстарды өз уақытында қабылдауды және орындалған Жұмыстардың ақысын төлеуді талап етуге құқылы.

4. ЖҰМЫСТАРДЫ ОРЫНДАУ МЕРЗІМІ, ОРНЫ ЖӘНЕ ТАЛАПТАРЫ

4.1. Жұмыстарды орындау мерзімі/күні – Шарттың 1-қосымшасына сәйкес.

4.2. Жұмыстар Өнім берушімен Шарттың 1-қосымшасына сәйкес орындалады.

4.3 Шарт оған Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Тараптардың ол бойынша өз міндеттемелерін толық орындағандарына дейін, соның ішінде өзара есеп айырысу бөлігінде қолданылады. Бұл жағдайда Шарт бойынша міндеттемелердің толық орындалуы болып Тараптардың уәкілетті тұлғаларының соңғы Актіге қол қоюы саналады.

4.4 Егер форс-мажор жағдайлары орын алған жағдайда, сондай-ақ Шарттың 3.3.-тармағының 17)-тармақшасымен көзделген жағдайда не болмаса қосымша еңбек шығындарын талап ететін жасырын ақаулар Жұмыс барысында анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші жеке қалауы бойынша Жұмысты орындау мерзімін ұзартады. Бұл ретте Жеткізуші Тапсырыс берушіге аталған жағдайлардың біреуінің туындағаны туралы жазбаша хабарлауы тиіс.

4.5 Жұмыстың орындалу күні Тараптардың уәкілетті тұлғаларының Актіге қол қойған күні болып табылады.

5. КЕПІЛДІКТЕР

5.1. Жеткізуші Шарт шеңберінде орындалған Жұмыстардың Техникалық ерекше нұсқамада көрсетілген талаптарға сәйкес келетініне кепілдік береді.

5.2. Егерде орындалған Жұмыстардан кепілдік мерзімі кезінде ақаулар анықтаған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіні анықталған ақаулар туралы жазбаша нысанда оларды анықталған күннен бастап <күні цифрмен> <(күні жазбаша)> <(жұмыс/күнтізбелік)> күн ішінде хабардар етеді, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіден жазбаша хабарлама алған күннен бастап <күні цифрмен> <(күні жазбаша)> <(жұмыс/күнтізбелік)> күн ішінде анықталған ақауларды өз есебінен жоюға міндеттенеді.

5.3. Орындалған Жұмыстардың кепілдік мерзімі <Шарт бойынша төлемді жүзеге асыру үшін негіз болып табылатын және Жұмыстың орындалу дерегін растайтын құжаттың атауы> Тараптар қол қойған күннен бастап <мерзім> құрайды.

5.4. Егерде Жеткізуші анықталған ақауларды Шартта белгілеген мерзімде жою мүмкін болмаған/жоюдан бас тартқан жағдайда Тапсырыс беруші Шартты бұзуға құқылы. Осыған байланысты Жеткізуші Шарттың 6 бөліміне сәйкес жауапты болады.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

6.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағанда немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда, Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапкершілік көтереді.

6.2. Төтенше- жағдайларын қоспағанда, Жеткізуші Шартта қарастырылған міндеттемелерді бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші өзінің басқа құқықтарына нұқсан келтірместен Шарт аясында Жеткізушіден тұрақсыздық төлемін өндіріп алады, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіге оны төлейді:

- 1) Шарттың 4.1 тармағында қарастырылған мерзімді бұзған жағдайда - кешіктірген әр <күнтізбелі/жұмыс (керегін таңдап алу)> күн үшін Шарттың Жалпы сомасынан <цифрмен> % (<жазбаша> пайыз) мөлшерінде өсімпұл, бірақ бұл сома Шарттың Жалпы сомасынан <цифрмен> % (<жазбаша> пайыз) аспауға тиіс;
- 2) орындалған Жұмыстардағы ақауларды жою мерзімін бұзған жағдайда - кешіктірген әр <жұмыс/ күнтізбелі (керегін таңдап алу)> күн үшін, ақауларды жою күнін қоса алғанда, Шарттың Жалпы сомасынан <цифрмен> % (<жазбаша> пайыз) мөлшерінде өсімпұл, бірақ бұл сома Шарттың Жалпы сомасынан <цифрмен> % (<жазбаша> пайыз) аспауға тиіс;

6.3. орындалған Жұмыстардағы ақауларды жою мүмкін болмаған/бас тартқан жағдайда:

- Жұмыстарды қабылдау-өткізу барысында Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың Жалпы сомасынан <цифрмен> % (<жазбаша> пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді;
- Жеткізуші кепілдік мерзімі кезеңінде Тапсырыс берушіге Шарттың Жалпы сомасының <цифрмен> % (<жазбаша> пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді және Шарт бойынша орындалмаған немесе тиісінше емес орындалған міндеттемелеріне шамалас Тапсырыс берушінің Шарт бойынша төлеген сомасын қайтарады.

6.4. Тараптардың біреуі Шарттың 7 бөлімін бұзған жағдайда, конфиденциалды ақпаратты жария еткен Тарап екінші Тарапқа Шарттың Жалпы сомасынан 100% (жүз пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді. Бұл ретте Тапсырыс беруші өзінен алынған конфиденциалды ақпаратты жариялау салдарынан туындаған зиянды Жеткізушінің өтеуін талап етуге құқылы.

6.5. Шарт бойынша төлем мерзімін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге кешіктірген әр жұмыс күні үшін төлеуге тиіс сомадан 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде өсімпұл төлейді, бірақ бұл төлем Шарттың Жалпы сомасынан 5 % (бес пайыз) аспауға тиіс.

6.6. Егерде Шарттың 3.3. тармағының 2) тармақшасына сәйкес Жеткізушінің Жұмыстардың орындалу барысы туралы жазбаша түрде дұрыс емес ақпараттарды ұсыну фактісі анықталған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың Жалпы сомасының 1 % (бір пайыз) айыппұл төлейді. Осыған байланысты Жеткізуші тез арада Жұмыстың орындалу барысы дұрыс ақпаратты ұсынады.

6.7. Жеткізуші Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші төлем жасаған кезде Жеткізушінің келісімінсіз тұрақсыздық айыбы (өсімпұл, айыппұл) сомасын дербес түрде ұстап қалуға құқылы.

6.8. Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасын төлеу Тараптарды Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

6.9. Жеткізушінің Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу мерзімі Тапсырыс берушіден тиісті ескертуді алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнді құрайды.

6.10. Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді толық мөлшерде құймаған жағдайда Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың орындалуын қамтамасыз етудің толық құйылмаған сомасының 1% (бір пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді. (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етудің туралы талабы болғанда).

6.11. Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбегенде немесе оны уақытында енгізбеген жағдайда Тапсырыс беруші Жеткізушіге тендерге қатысу үшін берілген өтінімді қамтамасыз ету сомасын қайтармайды (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы талабы болғанда).

6.12. Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы немесе оны тиісті түрде орындамауы салдарынан Тапсырыс берушінің бастамасы бойынша Шарт бір жақты тәртіпте бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын қайтармайды. (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуге туралы талабы болғанда) Бұл кезде Жеткізуші Тапсырыс берушіге алдын ала ақы сомасын толық мөлшерде қайтарады> (алдын ала төлем болғанда)

Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы немесе оны тиісті түрде орындамауы салдарынан Тапсырыс берушінің бастамасы бойынша Шарт бір жақты тәртіпте бұзылған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың Жалпы сомасының 10% (он пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу талабы болмағанда) Бұл кезде Жеткізуші Тапсырыс берушіге алдын ала ақы сомасын толық мөлшерде қайтарады (алдын ала төлем болғанда)

6.13 Шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған және/немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шарт талаптарына сәйкес жауапкершілікте болады.

6.14 . Жеткізуші орындалған Жұмыстардағы және Материалдардағы ақауларды, оның ішінде жасырыны барын, сондай-ақ кепілдік мерзімі кезеңінде уақтылы жоймаған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін, Шарт бойынша орындалмаған және/немесе тиісінше орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,5%-ы (нөл бүтін оннан бес пайызы) мөлшерінде өсімпұл төлейді.

6.15 Тараптардың бірі Шарттың 7.1.-тармағын бұзған жағдайда, конфиденциалды ақпаратты жария еткен Тарап екінші Тарапқа Шарттың Жалпы сомасының 10%-ы (он пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді. Мұндайда Тапсырыс беруші Жеткізушіден конфиденциалды, банктік, коммерциялық және Тапсырыс берушіден алған басқа да ақпараттарды жариялағаны салдарынан келтірілген шығынды өтеуді талап етуге құқылы.

6.16 Тұрақсыздық сомасын (өсімпұлды, айыппұлды) төлеу Тараптарды Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

6.17 Жеткізуші орындалған Жұмыстардағы және Материалдардағы ақауларды, оның ішінде жасырыны бар, сондай-ақ кепілдік мерзімі кезеңінде, жоюдан бас тартқан жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге ақаулы Жұмыс және Материалдар құнын (кемшілігі, сәйкессіздігі, шала істелгендері бар) қайтарады, сондай-ақ Тапсырыс берушіге Шарт бойынша орындалмаған және/немесе тиісінше орындалмаған міндеттемелер сомасының 20%-ы (жиырма пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді.

6.18 Егер Тапсырыс беруші Жеткізуші кінәсінен (Жеткізушінің шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны) Шартты бұзуға бастамашы болған жағдайда, Жеткізуші Шартты бұзу күнінде нақты орындалған және Актілер бойынша қабылданған Жұмыстардың төлемін талап етуге құқылы.

6.19 Тапсырыс беруші бастамасымен Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны салдарынан Шарт біржақты соттан тыс тәртіпте бұзылған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарт бойынша орындалмаған және/немесе тиісінше орындалмаған міндеттемелер сомасының 10%-ы (он пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді.

6.20 Жеткізуші Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін тиісінше орындамаған жағдайда, Тапсырыс беруші өзінің Жеткізушінің келісімінсіз, төлем жүргізгенде тұрақсыздық сомасын

(айыппұл, өсімпұл) ұстап қалуға құқылы.

7. КОНФИДЕНЦИАЛДЫЛЫК

7.1. Тараптар тұтастай алғанда Шарт талаптарын және ұсынатын Тарап конфиденциалды деп таныған барлық ақпаратты (оның ішінде Тапсырыс беруші немесе оның атынан басқа тұлғалар ұсынған ақпарат) екінші Тараптың аталған ақпаратты берген Тараптың жазбаша рұқсатынсыз ешқандай үшінші тарапқа жария ете алмайтындығын мойындайды, бұған мына жағдайлар кірмейді:

1) Жеткізуші Шартты орындау үшін жұмылдырған қызметкерлерге ұсыну. Көрсетілген ақпарат осы қызметкерге конфиденциалды түрде және бұл шарттық міндеттемелерді орындау үшін қажет көлемде ғана берілуге тиіс;

2) егер мұндай жария ету заңнамада ұйғарылса немесе оған уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми сұрау салулары негізінде жүзеге асырылса.

7.2. Жеткізуші Шартты іске асыру мақсаттарынан басқа, жоғарғыда аталған қайсыбір құжаттарды немесе ақпаратты Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз қолданбайды.

7.3. Конфиденциалды ақпаратты жария еткен жағдайда Тараптар Шарттың 6 бөліміне сәйкес жауапкершілік көтереді.

8. ЕҢСЕРІЛМЕС КҮШТЕР (ТӨТЕНШЕ-ЖАҒДАЙ)

8.1. Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы немесе оны тиісті түрде орындамауы Тараптар күні бұрын болжай алмаған және Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер еткен дүлей күштің: су тасқыны, жер сілкінісі және басқа табиғат апаттары, экологиялық апат, әскери іс-әрекеттер, азаматтық соғыс, халық толқулары, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер, Қазақстан Республикасының құқықтық актілерінің қабылдануы салдарынан болса, онда Тараптар жауапкершіліктен босатады. Тойтарыс бермейтін күштің әсеріне ұшыраған Тараптың міндеттемелерді орындау мерзімі осындай жағдайлардың болуы кезеңіне ұзартылады.

8.2. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға мүмкіндігі жоқ Тарап, басқа Тарапқа Шарттың 8.1. тармағында көрсетілген жағдайлардың себептерін көрсете отырып, олардың басталғаны және тоқтағаны туралы жазбаша түрде дереу хабарлайды, сондай-ақ ол тиісті уәкілетті органның растайтын құжатын ұсынады. Бұл ретте Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы, осыдан кейін бірде-бір Тарап басқа Тараптан қандай да бір шығынды өтеуді талап етуге құқығы жоқ.

8.3. Егер Тапсырыс берушіден өзге жазбаша нұсқаулар келіп түспесе, Жеткізуші Шарт бойынша міндеттемелерін орындауды оның қаншалықты орынды екеніне қарай жалғастырады және Шартты орындаудың көрсетілген міндеттемелерге қатысты емес балама тәсілдерін іздестіреді.

9. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

9.1. Шарт бойынша міндеттемелерін орындау барысында келіспеушіліктер туындаған

жағдайда, Тараптар оларды соттан тыс тәртіпте реттеу үшін барлық қажетті шаралар жасауға тиіс.

9.2. Тараптар келісімге келе алмаған жағдайда, даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібінде қаралады.

9.3. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі және даулар туындаған жағдайда, олар Тапсырыс берушінің орналасқан орны бойынша Қазақстан Республикасының соттарында қаралады.

10. ШАРТҚА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ

ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ ТАЛАПТАРЫ

10.1. Орналасқан орны және/немесе деректемелері өзгерген жағдайда, Тарап басқа Тарапқа тиісті шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша түрде хабарлайды.

10.2. Шарттың 10.1. тармағында көрсетілген өзгерістерді қоспағанда, Шартқа барлық өзгерістер мен толықтырулар қосымша келісіммен ресімделіп, оған Тараптар қол қояды.

10.3. Тапсырыс беруші төмендегі жағдай орын алғанда Шартты кез-келген кезеңде бір жақты тәртіпте бұзуға құқылы:

- 1) Тапсырыс берушінің Қағидалардың 14 тармағына сәйкес сатып алудан бас тартуы;
- 2) Жеткізушінің ұсынған мәліметтерінен дәйексіз ақпарат анықталғанда;
- 3) сатып алу қорытындысына әсер еткен Қағиданың және (немесе) сатып алу талаптарын бұзушылықтар анықталғанда;
- 4) Тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) Жеткізушіге Қағидаларда көзделмеген жәрдем көрсеткенде;
- 5) егер Жеткізуші банкротқа ұшыраса немесе төлем қабілетсіз болса, сондай-ақ тиісті сот процесіне тартылғанда. Мұндай жағдайда бұзу дереу жүзеге асырылады және Тапсырыс беруші Жеткізушіге қатысты ешқандай қаржылық жауапкершілік көтермейді;
- 6) Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы немесе оны тиісті түрде орындамауы. Бұл ретте Жеткізуші Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапкершілік көтереді;
- 7) Шартты ары қарай орындау мақсатқа лайықты болмағанда.

10.4. Шарт бір жақты тәртіпте бұзылған жағдайда Тапсырыс беруші Жеткізушіге Шартты болжанатын бұзу күніне дейін күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын Шарттың бұзылуы туралы жазбаша хабарлама жібереді, осы мерзім өткеннен Шарт бұзылған деп саналады. Хабарламада Шартты бұзу себебі, жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзу күні көрсетілуге тиіс.

11. ШАРТТЫҢ ӨЗ КҮШІНЕ ЕНУ ТАЛАБЫ

11.1. Шарт Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді толық мөлшерде енгізген күнінен бастап өз күшіне еніп, Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қызмет етеді (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы талабы болғанда).

Тараптардың Шартқа қол қойған күннен бастап Шарт өз күшіне енеді және ол Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қызмет етеді (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы талабы болмағанда).

12. ШАРТ ТІЛІ

12.1. Шарт заңды күші бірдей мемлекеттік тілде және орыс тілде электрондық түрде жасалды.

13. ӨЗГЕ ТАЛАПТАР

13.1. Шарттың қосымшалары Шарттың ажырамас бөлігі(-ктері) болып табылады.

13.2. Тараптардың брі қайта құрылған жағдайда, Шарт бойынша құқықтары мен міндеттері тоқтатылмайды және Тараптардың құқықтық мирасқорларына өтеді.

14. ТАРАПТАРДЫҢ ОРНАЛАСҚАН ОРНЫ ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

Тапсырыс беруші:

<тапсырыс берушінің толық атауы>

<Тапсырыс беруші орналасқан орынның заңды мекен-жайы>

<Тапсырыс беруші орналасқан орынның нақты мекен-жайы>

<Тапсырыс берушінің ЖСК>

<банк атауы>

<Тапсырыс берушінің БСН>

<Тапсырыс берушінің БСК>

<Тапсырыс берушінің БЕК>

Тапсырыс беруші атынан

_____ <қол қоюшының тегі, аты-жөнінің бірінші әріптері>

М.О. (қолы)

Жеткізуші:

<Жеткізушінің толық атауы>

<Жеткізуші орналасқан орынның заңды мекен-жайы>

<Жеткізуші орналасқан орынның нақты мекен-жайы>

<Жеткізушінің ЖСК>

<банк атауы>

<Жеткізушінің БСН>

<Жеткізушінің БСК>

<Жеткізушінің БЕК>

Жеткізуші атынан

_____ <қол қоюшының тегі, аты-жөнінің бірінші әріптері>

М.О. (қолы)

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмері;

БСК - банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;

ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмері;

ССН - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмері;

ТЕН - төлеушінің есептік нөмері;

ҚҚС - қосылған құн салығы;

Т.А.Ә. - тегі аты әкесінің аты.

Портал заңуок Национального Банка Республики Казахстан

ДОГОВОР

<идентификационный номер>

о закупках работ

<наименование работ>

<регион заказчика>

<дата договора>

<полное наименование заказчика>, именуемое (-ый, -ая) в дальнейшем «Заказчик», в лице <должность и ФИО подписанта заказчика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с одной стороны, и <полное наименование поставщика>, являющееся (-ийся) <признак резидентства поставщика>, действующее(-ий) на основании <лицензия, разрешительный документ>, именуемое (-ый) в дальнейшем «Поставщик», в лице <должность и ФИО подписанта поставщика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», в соответствии с подпунктом 1) пункта 17 Правил приобретения товаров, работ и услуг Национальным Банком Республики Казахстан, его ведомствами, организациями, входящими в его структуру, и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия в уставном капитале) которых принадлежат Национальному Банку Республики Казахстан или находятся в его доверительном управлении, и аффилированными с ними юридическими лицами, утвержденных постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан от 27 августа 2018 года №192 (далее - Правила), и протоколом об итогах закупок работ <наименование работ> способом тендера <дата утверждения протокола>, заключили настоящий договор (далее - Договор) о нижеследующем.

< (В Договоре ниже перечисленные понятия имеют следующее толкование: > (включается при необходимости)

1. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА

